

### Авторлар туралы мәлімет

**Эмир Иса Ардақұлы\*** – педагогика ғылымдарының магистрі, спорттық медицина және реабилитация магистрі, Шәкәрім университеті шетел және орыс тілдері кафедрасының оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: issaemir03@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5898-7891>.

**Слямбекова Нүргүл Асқарқызы** – педагогика ғылымдарының магистрі, Шәкәрім университеті шетел және орыс тілдері кафедрасының оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: nurgul\_slyambekova@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6091-7353>

**Тагильцева Александра Владимировна** – педагогика ғылымдарының магистрі, Шәкәрім университеті шетел және орыс тілдері кафедрасының оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: alexandratagiltseva@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2676-1187>.

### Информация об авторах

**Исса Эмир Ардақұлы\*** – магистр педагогических наук, магистр спортивной медицины и реабилитации, преподаватель кафедры иностранных и русских языков Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: issaemir03@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5898-7891>.

**Слямбекова Нүргүл Асқарқызы** - магистр педагогических наук, преподаватель кафедры Иностранных и русского языков Шәкәрім университет, Семей, Республика Казахстан, e-mail: nurgul\_slyambekova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6091-7353>.

**Тагильцева Александра Владимировна** – магистр педагогических наук, преподаватель кафедры Иностранных и русского языков Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: alexandratagiltseva@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2676-1187>.

*Received 15.01.2026*

*Revised 10.02.2026*

*Accepted 28.03.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-7](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-7)

FTAMP: 16.21.49

### Т.К. Мүрсәлімов

Шәкәрім университеті,

071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А

ORCID: 0009-0003-6525-5629

e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚИЫСУ БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

**Аңдатпа.** Мақала қазақ тіліндегі сөз бен сөздің синтаксистік байланысының қиысу деп аталатын түрінің грамматикалық табиғатын толық сипаттауға арналған. Қиысу – сөйлем құрамындағы сөздердің синтаксистік байланысының жеке түрі ретінде ертеден бар ұғым, алайда оның грамматикалық табиғаты, атап айтқанда, синтаксистік компоненттерді байланысқа түсіретін тұлғалардың, атау септігі жалғауының қызметі ішінара болмаса, қазақ тіл білімінде де, түркологияда да толық ашылып көрсетілмеген. Мақала осы олқылықтың орнын толтыру мақсатын көздейді. Сондықтан сөз бен сөзді байланыстырудағы атау септігінің рөлі туралы автордың көзқарасы нақты тілдік фактілермен сипатталады. Сонымен қатар мақалада біржақты қиысу немесе жартылай қиысу ұғымы ғылыми айналымға енгізу үшін ұсынылып отыр. Бұл ұсыныс түркологиядағы қиысу мен матасу байланыстарының грамматикалық табиғаттарын дұрыс ажыратуға септігін тигізеді үміт бар. Зерттеуде салыстыру, сипаттау, түсіндіру әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем және сөз тіркесі синтаксисі» пәндерінде пайдалануға болады. Мақала филолог мамандар мен ізденушілерге, жалпы қазақ тілінің грамматикалық жүйесіне қызығушылығы бар көпшілікке арналған.

**Тірек сөздер:** қиысу, басыңқы сыңар, бағыныңқы сыңар, атау септігі, жіктік жалғауы, бастауыш, баяндауыш.

## Кіріспе

Қазақ тіл білімінде сөйлемдегі сөздердің байланысу ерекшеліктерін алғаш сөз еткен ғалым – Қ. Жұбанов. Ғалымның «Қазақ тілінің програмынан» VII сыныпқа арналған білім мазмұнының «Жай сөйлем» тақырыбының аясында оқытылатын мәселелер қатарында мына мәтінді кездестіреміз: «4. Айқындауыш. Айқындауыштың жетектесетін жолдары: жетекші сөздің ауанына қарай өзіне белгілі бір септеу жалғап алатындығы, я жалғауыш қосатындығы (септес сөз); жетекші сөзге көну үшін айқындауыш сөздің (ілік жалғауыш сөздің) ілік жалғаулы түрге түсіп, оның ішіне жетекшіні де өз ауанына қаратып өзімен жақтас тәуелдендіруі (іліктес сөз); етістік жетекшіге көну үшін соның ауанына қарай, соған лайық (шак) түрге көсемше болуы; «ған-ша», «-ға-сын», «-ға-лы» түрлеріне түрлеріне түсетіндігі, шартты («-са-лы» түрге түсуі үшін жетекшіге ешбір жалғаусыз көніп, сөйтсе де орын талғамай, алыста тұрып-ақ жетек бола алатын айқындауыштар (жанас сөздер); жетекшіге жалғаусыз көнгенмен, арасына басқа сөз салып алыстай алмай қабыса жанасатын айқындауыштар (қабыс сөздер)» [1].

Бұл – қазіргі қазақ тіліндегі сөз бен сөздің синтаксистік байланысының меңгеру (септес сөз), матасу (іліктес сөз), жанасу (жанас сөздер), қабысу (қабыс сөздер) деген терминдермен аталып жүрген ұғымдарға берілген алғашқы сипаттама. Мұндағы айқындауыш деп отырғаны – бүгінгі ұғымдағы тұрлаусыз мүшелердің жалпы атауы, жетек сөзі – сөз тіркесіндегі бағыныңқы сыңар, жетекші сөзі – сөз тіркесінің басыңқы сыңары.

Бұл еңбектен сөз еткелі отырған қиысу терминін кездестірмейміз. Алайда білім мазмұнына енгізілген «1. Сөйлемнің мәнісі. Бастауыш пен баяндауыш: баяндауыштың бастауышпен жақтастығы. Айқындауыш сөздер; 2. Бастауыш. Бастауыш бола алатын сөз таптары, бұларды бастауыш болдыра алатын сөз тұлғалары» деген жолдардан төмендегідей ой түюге болады. Ғалым бастауыш пен баяндауыш қызметіндегі сөздердің синтаксистік байланысын арнайы сөз етпек болған. «Баяндауыштың бастауышпен жақтастығы» деген сөздерінен баяндауыш қызметіндегі сөздің құрамында келетін жіктік жалғаудың оны бастауыш қызметіндегі сөзбен бір жақта үйлестіре байланыстыратынын айтқысы келгенін түсінеміз. Ал сөзді «бастауыш болдыра алатын сөз тұлғалары» деген сөздерінен қай тұлғаны сөз етпек болғанын бүгін дәп басып айту қиын. Тек атау септігінің рөлі туралы айтпақ болды ма екен деген болжам ғана жасаймыз.

Қазақ тіл білімінде қиысу терминін алғаш қолданған ғалым – С. Аманжолов. Ғалымның жеке авторлығымен 1939 жылы шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» атты мектеп оқулығында сөйлем мүшелерінің байланысы аясында қиысуға төмендегідей анықтама берілген: «Сөздердің бірімен бірінің жақ жалғау, немесе көптік жалғауы арқылы байланысты болуын қиысу дейміз» [2]. Ғалымның дәл осы жылы Н. Сауранбаевпен бірлестікте шыққан «Қазақ тілінің грамматикасында» синтаксистік байланыстың қиысу түріне берілген анықтамада бір ғана айырмашылық бар: ол – байланыс сөздердің арасындағы құбылыс емес, сөйлем мүшелерінің арасындағы құбылыс ретінде көрсетіледі. «Бастауыш пен баяндауыштың жақ жалғау, көптік жалғауы арқылы бір-бірімен үйлесуін қиысу дейміз» [3].

С. Аманжоловтың тұжырымдауынша, қиысу байланысының басты тұлғасы – баяндауыш құрамында келетін жіктік жалғауы. Сонымен қатар, бастауыш та, баяндауыш та есім сөзден болса, екеуінде де көптік жалғау болатынына назар аударады, мысалы, *Стахановшылар – еңбек ерлері. Еңбекшілердің алдыңғы отрядтері - коммунистер* [2].

М. Балақаев қиысу туралы былай дейді: «Согласование в казахском языке является из основных типов синтаксической связи, при котором подчиненные по смыслу слово следует за ведущими и принимает соответствующие формы, вытекающие из грамматических форм или грамматических значений подчиняющих слов (исключение составляют такие примеры, где сказуемое, выраженные личными местоимениями, оформляются не по значению подлежащего, а по значению самого сказуемого: *айтушы менмін, тыңдаушы сенсің*). Оно применяется для связи как именных, так и глагольных сочетаний» [4]. «Қиысуда сөйлемнің бағыныңқы мүшесі (баяндауыш) басыңқы мүшенің (бастауыштың) грамматикалық

тұлғасына не грамматикалық мағынасына қарай тұлғаланады. Мысалы, *Мен көрдім ұзын қайын құлағанын* (Абай) деген сөйлемде *мен көрдім* – қиыса байланысқан сөздер. Онда *мен* деген бастауыштың I жақтық грамматикалық мағынасымен үйлесіп, *көрдім* деген баяндауыш та бірінші жақтық жіктік жалғауда айтылған. *Сіздер талапты жеткіншексіздер* дегенде, баяндауыш *сіздер* деген бастауыштың II жақтық грамматикалық мағынасына және *–дер* деген грамматикалық тұлғасына қарай, дәл сондай жалғауларда айтылып тұр» [5].

Түркологияда қиысу байланысы туралы ғалымдардың тұжырымдары біртекті емес.

А.Н. Кононов [6], Н.К. Дмитриев [7], И.А. Батманов [8] сияқты ғалымдар сөз бен сөздің байланысының қиысу түріне бағыныңқы сыңары ілік септігі тұлғасында, басыңқы сыңары тәуелдік жалғауында келген изафет III үлгісіндегі екі жақты байланыстағы сөз тіркестерін жатқызады. Қазақ тілінде бұл байланыс түрі матасу деп аталып жүргені белгілі. Аталған ғалымдар бастауыш пен баяндауыш мүше болып табылатын сөздердің байланысын қиысу деп танымаған.

Түркі тілдеріндегі қиысу байланысын өзара предикаттық қатынастағы бастауыш қызметіндегі сөз бен баяндауыш қызметіндегі сөздердің арасында болатын баланыс түрі деп тану басым. Бұл тұрғыдан Н.А. Баскаовтың [9], Э.Н. Гаджиев пен У.И. Асадуллаева [10] сияқты алымдарын жұмыстарын атауға болады. Соңғы жылдары қырғыз тілінің ғалымдары да [11] қиысу бастауыш қызметіндегі сөз бен баяндауыш қызметіндегі сөздің арасында болатын байланыс түрі екенін сөз етіп жүр.

Алайда бұл еңбектерде де қиысудың басты ерекшелігі ретінде баяндауыш қызметіндегі бағыныңқының басыңқымен жіктік жалғау арқылы байланысатыны көрсетілгенмен, басыңқыдағы атау септігі туралы еш сөз болмайды.

### **Материалдар мен әдістер**

Қиысу – синтаксистік байланыстың екі жақты түрі екенін алғаш сөз еткен ғалым – Ә. Аблақов деуге болады. Ол «Қазақ тілінің энциклопедиясындағы» қиысу туралы мақаласында бастауыш қызметіндегі сөздің атау септігінің нөлдік тұлғасында келетінін және баяндауыш қызметіндегі сөздің үшінші жақта жіктік жалғаудың нөлдік тұлғасында тұратынын сөз етеді [12].

Осыдан келіп қиысудың грамматикалық табиғатын дұрыс тану үшін байланысқан сөздер құрамындағы атау септігі мен жіктік жалғаудың өзі жалғанған сөзге үстеген грамматикалық мағыналарына үңіліп, сол грамматикалық мағынаның синтаксистік байланысқа қатысын сөз ету қажеттігі туындайды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қиысу байланысын басқа байланыс түрлерінен ерекшелендіретін басты грамматикалық белгі – басыңқы сөздің үнемі атау септігінде келуі.

Атау септігі – септік жалғауларының қатарына енгізіліп, септеу жүйесінде бірінші болып аталғанмен, өзіне тән арнайы қосымшасы болмағандықтан, оқулықтар мен мәселеге қатысты ғылыми әдебиеттерде орны толық көрсетілмей жүрген тұлға. Сол себепті көпшілік тарапынан кейде сөйлемдегі түбір тұлғадағы зат есім мен атау септігінде тұрған зат есімді бір бірінен ажырата алмау жиі орын алып жатады. Атау септігінің басқа септік жалғаулары сияқты қосымшасы болмаса да, өзіне тән грамматикалық мағынасы бар. Атау септік туралы С. Исаев былай дейді: «Атау септік – қазақ тіліндегі жеті септіктің бірі. Атау септіктің арнайы қосымшасы жоқ, сырттай зат есімнің түбір тұлғасына ұқсас. Көптік, тәуелдік жалғаулары да атау септікте тұра алады. Атау септіктің өзіне тән басқа септік түрлері сияқты білдіретін әрі грамматикалық мағынасы, соның арқасында атқаратын қызметі (сол тұлғада тұрған сөздің синтаксистік және септік тұлғасы ретінде сөзбайланыстырғыштық қызметі бар, сондықтан да атау септігі түбір тұлғамен бір емес және басқа септік тұлғаларына негіз бола алмайды. Атау септігі – ерекше, нөлдік тұлға. Атау септігі өзіне тән арнайы грамматикалық тұлғасы болмаса да, арнайы грамматикалық мағынасы (ойдың иесі, грамматикалық субъект қимылдың заттануы) мен синтаксистік қызметі (атау тұлғадағы сөз сөйлемде бастауыш қызметін атқарады және атау септіктің нөлдік тұлғасы предикат-баяндауыштың жіктік жалғауымен қиыса байланысады) арқылы зат есімнің түдір тұлғасынан да, басқа септіктерге негіз болатын тұлғадан да ажыратамыз» [12].

**Сонымен, атау септігі – өзі жалғанған сөзге бастауышта аталған зат баяндауыштағы қимылдың, не жай-күйдің иесі екенін білдіретін мағынасы бар септік.** Басқаша айтсақ, сөйлемдегі атау септігімен түрленген (атау септігін қабылдаған, жалғаған) сөз қандай да бір (етістік арқылы аталған) қимылдың, (етістіктер мен есім сөздер арқылы аталған) жай-күйдің иесі болып тұрады. Сондықтан атау септігіндегі сөз баяндауышта баяндалған қимылды, жай-күйді атайтын сөздердің грамматикалық бастауышы қызметін атқарады. Тіпті бұл – кез келген бастауыш мүшенің жасалуының негізгі және жалғыз жолы. Яғни, сөйлемдегі, үйірлі мүшедегі бастауыш тек атау септігі арқылы жасалады. Мысалы, *бала* сөзі түбір қалпында, сөйлемнен тысқары тұрғанда, заттың атын ғана білдіреді. Ал енді осы сөздің түрлі септіктердегі қызметтеріне назар аударайық: *баланы шақыр* дегенде табыс септігі арқылы тура толықтауыш қызметінде келген, бұған себеп – табыс септігі өзі жалғанған зат есімге зат қимылдың тура объектісі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамап тұр; *баланың кітабы* деген тіркесте бағыныңқы зат есім ілік септігі арқылы анықтауыш болды, себеп – ілік септігі өзі жалғанған сөзге зат өзге заттың иесі екенін білдіретін мағына жамады. Бұл мысалдардан көрінетіні – *бала* сөзінің синтаксистік қызметтері оған жалғанған септік жалғауларының грамматикалық мағыналарымен байланысты екендігі. Атау септігі де өзі түрлендірген сөзге зат қимылдың, немесе жай-күйдің иесі екенін білдіретін мағына жамайды және сол мағынасы арқылы өзі жалғанған сөзді үнемі бастауыш қызметіне қойып, баяндауыш қызметіндегі сөзбен байланыстырады. Міне, атау септігінің септік жалғауларының қатарынан орын алуының себебі де және септеу жүйесіндегі орны да осы қасиетімен тікелей байланысты. Мысалы, *Талдан таяқ жас бала таянбайды, бала бүркіт тұлкіден аянбайды* деген мысалдағы бірінші *бала* сөзі атау септігінде тұр, өйткені бұл сөз арқылы аталған зат (*бала*) қимылдың (*таяну*) иесі болып, бастауыш қызметінде тұр; құрмалас сөйлемнің екінші сыңарындағы *бала* сөзі атау септігінде тұрған жоқ, өйткені бұл сөз қандай да бір қимылдың немесе жай күйдің иесін атап тұрған жоқ, керісінше бүркіт деген заттың жас ерекшелігіне байланысты сындық белгіні атап тұр, ендеше бұл сөз түбір қалпында жұмсалған, ал оның сындық белгіні атауы сөздің адъективтену құбылысымен байланысты.

Ертеректердегі әдебиеттерден «қиысу – бастауыш пен баяндауыштың арасында орын алатын байланыс түрі» сияқты анықтамаларды кездестіреміз. Бірақ бұл анықтама – байланыс тәсілінен шығарылған анықтама емес, байланысқа түскен компоненттердің синтаксистік қатынасына негізделген анықтама. Сондықтан жоғарыдағы анықтама «байланыстың қандай түрін қиысу деп атаймыз?» деген сұраққа жауап бере алмайды, «қиысу байланысы қандай қатынастағы сөздердің арасында болады?» деген сұрақтың жауабы ғана болып табылады. Жоғарыдағы анықтама бірізділік принципіне сай емес, өйткені байланыстың басқа түрлеріне берілген анықтамаларға сөздердің арасындағы синтаксистік қатынастың мазмұны емес, байланыстың тәсілі негіз болған.

Қиысу байланысында жіктік жалғаудың рөлі ертеден белгілі. Кейінгі жылдардағы оқулықтарда «қиысу дегеніміз – сөз бен сөздің жіктік жалғауы арқылы, немесе жіктелу реті бойынша байланысы» деген мазмұндағы (немесе осыған ұқсас) анықтама кең орын алып отыр. Бұл анықтама – байланыстың басқа түрлері сияқты байланыс тәсіліне негізделген, соның ішінде жіктік жалғауының қызметін негіз еткен анықтама. Бұл анықтамадағы автордың «жіктелу реті» деп отырғаны – баяндауыштың үшінші жақта жұмсалыуымен байланысты термин. Жіктік жалғаудың бірінші және екінші жақта арнайы жалғауларының болуы, үшінші жақта (етістіктің көсемше тұлғасы мен бұйрық рай тұлғасынан басқа сөз тұлғаларында) жіктік жалғау қосымшасының болмауы, бірақ үшінші жақтық мағынаның болуы «сөздер бірінші және екінші жақта жіктік жалғаулары арқылы, ал үшінші жақта (жіктік жалғаудың көрсеткіші болмағандықтан) жіктелу реті бойынша байланысады» деуіне себеп болған. Қиысу байланысында жіктік жалғаудың рөлі бары еш дау тудырмайды. Ол өзі жалғанған баяндауышқа жақтық (I, II, III жақ мағыналарының бірін) және сандық (жекеше-көпше) мағыналар үстеп, баяндауышты бастауыштың жақтық, сандық мағыналарымен сәйкестендіреді. Мысалы, *мен келдім* дегенде жедел өткен шақ жұрнағы арқылы етістіктен

жасалған баяндауыш жіктік жалғаудың бірінші жақ жекеше түрін қабылдаған. Бұл қосымшасыз баяндауыш өз бастауышымен байланыса алмайды. Жіктік жалғау баяндауышқа бірінші жақтық, жекеше мағына жамаған. Ал бұл – бастауыштың (*мен* жіктеу есімдігінің) жақтық, сандық мағыналарына сәйкес. Сөйтіп екі сөздің арасында жақтық және сандық мәндерінде сәйкестік, үйлесім пайда болды. Ендеше, жіктік жалғау – баяндауышты бастауышпен жақтық және сандық мағыналары бойынша сәйкестендіре байланыстыратын қосымша. Енді мысалдың екінші сыңарына үңілейік. Мұнда жіктеу есімдігі атаған зат (бірінші жақтағы жеке тұлға) қимылдың иесі болып тұр. Ендеше бастауыш атау септігінде тұр және атау септігі арқылы өз баяндауышымен байланыс орнатқан. Яғни, атау септік зат баяндауышта аталған қимылдың иесі екенін білдіруі арқылы есімдіктің етістікке қатысты грамматикалық мағынасын реттеген, байланыстырған. Сондықтан қиысу байланысын екі жақты байланыс деп танымыз: байланыстың бастауыш қызметіндегі бірінші сыңары екіншісімен атау септігі арқылы байланысады, баяндауыш қызметіндегі екінші компонент біріншімен жіктік жалғауы арқылы байланысады.

Баяндауыш қызметінде келген есім сөздерде, сол сияқты етістіктің бұйрық райының екінші жағынан кейін, етістіктің көсемшеден басқа тұлғаларында (шартты рай, жедел өткен шақ, нақ осы шақ, есімше тұлғаларынан де жіктік жалғау үнемі үшінші жақта нөлдік тұлғада келетіні, жақтық-сандық мағыналарын сақтап тұратыны С. Исаевтың еңбегінде толық сипатталған [13].

Сонымен, қиысу байланысына берілетін анықтама нұсқасы төмендегідей болмақ: **бастауыш қызметіндегі бірінші сыңары екіншісімен атау септігі арқылы байланысатын, баяндауыш қызметіндегі екінші компонент біріншімен жіктік жалғауы арқылы байланысатын екі жақты байланыс түрін қиысу деп атаймыз.**

Тіліміздегі жақты сөйлем қатарына жататын сөйлемдердің предикаттық орталығы – бастауышы мен баяндауышы – әрқашан екіжақты қиыса байланысып тұрады. Мұндай екіжақты қиысу түрі толық қиысу деп танылады.

1) Қиысу байланысы кейде біржақты ғана жүзеге асуы мүмкін. Атап айтқанда, кейбір сабақтас құрмаластардың бағыныңқы сөйлемінің баяндауыштары (ол баяндауыштар әр түрлі тұлғалармен тұлғаланған есімшелі және қимыл есімді етістіктерден, көсемше тұлғалы етістіктен болғанда) жіктік жалғаусыз жұмсалатыны белгілі. Мысалы, *Біз келіп, үйдегілер тыныштала қалды*. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы (*келіп*) көсемше арқылы етістіктен жасалған, тиянақсыз тұлғада келген. Бұл баяндауыштың тиянақсыз болу себебін жіктік жалғаусыз келуімен байланыстырамыз. Баяндауыш жіктік жалғау болмағандықтан, үш жаққа да бейтарап: *мен келіп, сен келіп, ол келіп, т.б.* Ендеше баяндауыш бастауышпен қайта синтаксистік байланыс орнатпаған, сөздердің арасындағы байланыс бастауыш қызметіндегі сөздің құрамындағы атау септігінің зат қимылдың иесі екенін білдіретін грамматикалық мағынасы арқылы баяндауыш қызметіндегі сөзге қарай біржақты бағытталған, сондықтан синтаксистік байланыс бастауыш қызметіндегі сөздің құрамындағы атау септігі арқылы ғана жүзеге асқан. Ендеше бұл мысалдағы байланыс – бір жақты ғана қиысу немесе жартылай қиысу. Тіпті мұндай байланысты сөздердің арасында предикаттық қатынас орнамағанда, байланыс бір жақты және септік жалғауы арқылы жүзеге асқандықтан, меңгерудің қатарында тануға болар болар еді. Алайда сөздердің арасындағы предикаттық қатынас байланысты қиысу деп тануға негіз болады. Жартылай қиысу үйірлі мүше деп танылып жүрген синтаксистік құрылымдардың құрамындағы сөздер арасында да орын алады. Мысалы, *Жолаушылар қозылары жаңа жамыраған, құлындары иіңгірлеп кісінеген, иттері үріп шулаған, көп үнді даңғаза болған ауылға келді* (М.Ә). деген сөйлемде сөйлемнің негізгі бастауышы мен баяндауышы болып тұрған *жолаушылар келді* сөздерінің арасында толық қиысу орын алса, сөйлемнің бірыңғай үйірлі анықтауышы болып тұрған *қозылары жамыраған, құлындары кісінеген, иттері шулаған* сөздерінің арасы біржақты қиыса байланысқан. Мұнда да үйірлі мүшелердің бастауышы қызметіндегі сөздер атау септігінің нөлдік тұлғасында келіп, сол атау септігінің мағынасы арқылы баяндауыш қызметіндегі етістіктермен біржақты байланыс орнатқан, ал үйірлі мүшенің баяндауышы қызметіндегі сөздердің құрамында жіктік жалғау жоқ. Бір қызығы үйірлі мүше болып табылатын

синтаксистік құрылым өзі бастауыш қызметінде келсе, сол үйірлі мүшенің құрамындағы сөздердің құрамынан екі атау септігі кездеседі. Мысалы, *Аузы күйген үрiп iшер*. Сөйлемнің үйірлі бастауышы – *аузы күйген* өзара предикаттық қатынастағы сөздердің байланысынан тұрады. Бұл байланыс бірінші сөздің атау септігінде келуі арқылы орнаған, ал екінші сыңардың құрамында жіктік жалғау жоқ, есесіне, тіпті ол да атау септігінде тұр. Бұл мысалда есімшелі тіркес синтаксистік транспозицияға ұшырап, зат есімге тән қызмет атқарған. Бұл құбылыс төмендегідей тәртіппен жүрген деуге болады: *Аузы күйген үрiп iшер* деген сөйлем *Аузы күйген адам үрiп iшер* деген сөйлемдегі атау септігінде тұрған зат есімі бар сөйлемнің ықшамдалуынан, атап айтқанда, бастауыш қызметіндегі *адам* сөзінің эллипсистенуі арқылы қалыптасқан. Түсіп қалған зат есім атау септігі арқылы бастауыш қызметін атқарып, сол атау септігі арқылы баяндауышпен байланыс орнатқан болатын. Ал түсіп қалған зат есімге қатысты *аузы күйген* тіркесі зат есім қамтылған сөйлемде анықтауыш қызметінде келген. Енді зат есім түсіп қалғанда, есімшелі тіркес сол зат есімнің есебінен заттанып, зат есімді етістікпен байланыстырушы атау септігін қабылдап, зат есім атқарып тұрған синтаксистік қызметке, бастауыш қызметіне көшкен.

Қиыса байланысқан сөздердің басыңқы және бағыныңқы сыңарларын анықтауда кейде баяндауыштық қызметтегі компонентті басыңқы деп жаңсақ көрсетулер кездесіп қалады. Қиысу – сабақтас байланыстың нәтижесі. Ендеше оның мағыналық, тұлғалық жақтарынан басыңқы және бағыныңқы сыңарлары болуы заңды. Мағыналық жақтан алғанда қиыса байланысқан сөздердің басыңқысы әрқашан бастауыш қызметіндегі бірінші компонент болады. Өйткені ол – баяндауышта баяндалған іс-әрекет немесе жай-күй арқылы сипатталып тұратын компонент. Баяндауыш қызметіндегі компонент байланыстың семантикалық бағыныңқысы болып табылады, Өйткені ол бастауыштың іс-әрекет, жай-күйін білдіре сипаттайды. Ал тұлғалық жақтан келсек, басыңқы болатыны тағы да – бастауыш қызметіндегі компонент. Өйткені ол – баяндауыштың үш жақтың бірінде тұруын талап ететін сыңар. Баяндауыш қызметіндегі компонент бастауыштың талабын орындап, бастауыш қай жақта тұрса, сол жақтағы жіктік жалғауын жалғанады. Бастауыш қызметіндегі семантикалық басыңқы атау септігін баяндауыш қызметіндегі етістіктің талабы (міндетті түрде атау септігінде тұруын талап етуі) бойынша қабылдамайды, онымен предикаттық қатынас орнату үшін қабылдайды. Сөйтіп байланыс – екі жақты байланыс болғанмен, матасу байланысынан ерекшеленеді. Матасуда бағыныңқы ілік септігінің жалғауын тәуелдеулі сөздің талап етуі бойынша қабылдайды және басыңқы тәуелдік жалғауын ілік септігіндегі бағыныңқының талабы бойынша қабылдайды. Сондықтан матасудың компоненттері сөйлемнен бірін бірі семантикалары арқылы іздеп тұрады.

Қиысу байланысының қатарына *Ол – студент* үлгісіндегі интонация арқылы байланысқан деп танылып жүрген байланыстар да жатады, бірақ олар бір-бірімен дауыс кідірісі арқылы байланысқандықтан емес, бірі (бастауыш қызметіндегі сөз) атау септікте, екіншісі (Баяндауыш қызметіндегі сөз) жіктік жалғаудың нөлдік тұлғаларында келгендіктен қиысу деп танылуы тиіс.

### **Қорытынды**

Сонымен, қиысу байланысына тән мына ерекшеліктер болатынын атап өтуге болады:

1) Қиысу байланысының басты белгісінің бірі – байланысқан сөздер арасында предикаттық қатынастың болуы. Сондықтан қиысу байланысы сөйлемдегі бастауыш қызметіндегі сөз ден баяндауыш қызметіндегі сөздер арасында орын алады. Мұндағы бастауыш қызметіндегі сөз атау септігінде тұрып баяндауыш қызметіндегі сөзбен байланысса, ал баяндауыш қызметіндегі сөз бастауышпен жіктік жалғауы арқылы байланысып, байланыс екі жақты болады. Қиысуға өзара предикаттық қатынаста келген үйірлі мүше құрамындағы сөздердің байланысы да, тиянақсыз баяндауышы шартты рай тұлғасынан басқа тұлғалармен жасалған сабақтастың бірінші компонентінің предикаттық орталығын құрайтын сөздердің арасындағы байланыс та жатады. Бірақ бұл қатардағы қиысу баяндауыш қызметіндегі сөз жіктік жалғауында тұрмағандықтан, біржақты немесе жартылай қиысу.

2) Қиысу байланысының бастауыш қызметіндегі семантикалық басыңқы сыңары үнемі атау септіктің нөлдік тұлғасында келіп, баяндауыш қызметіндегі бағыныңқымен сол атау

септігінің грамматикалық мағынасы арқылы байланысады. Бұл – қиысу байланысының басқа байланыс түрлерінен ажырататын негізгі және басты белгі.

3) Қиысу байланысы жақсыз сөйлемдердің логикалық предикаттық орталығын атайтын сөздер арасында болмайды. Өйткені жақсыз сөйлемдердегі логикалық субъектіні атайтын сөз атау септігінде тұрмайды.

### Әдебиеттер

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 581 б.
2. Аманжолов С. Қазақ тілінің грамматикасы. Бірінші бөлім. Морфология. Орталық, орта мектептердің 5-6 кластарына арналған. – Алма-Ата: Қазақ мемлекет баспасы, 1939. – 105 б.
3. Аманжолов С., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. II бөлім. Синтаксис. Орталық жана орта мектептерге арналған. – Алма-Ата: Қазақ мемлекет баспасы, 1939. – 87 б.
4. Балақаев Б.М. Современный казахский язык. Синтаксис словосочетания и простого предложения. – Алма-Ата: Издательство академии наук Казахской ССР, 1959. – 235 с.
5. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу педагогика баспасы, 1961. – 293 б.
6. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого языка. – М.: Изд. АН СССР, 1960. – 446 с.
7. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1948. – 276 с.
8. Батманов И.А. Способы выражения синтаксических отношений киргизском языке. Фрунзе: Киргизгосиздат, 1940. С. 11-13.
9. Баскаков Н.А. Тюркские языки / ред. Г. Санжеев. 4-е изд. – М.: Изд-во ЛКИ, 2010.- 248 с.
10. Гаджиев Э.Н. Асадуллаева У.И. К проблеме согласования в кумыкском и турецком языках // «Известия ДГПУ», – № 4, 2014. – С. 80-82.
11. Акунова А., Раимбекова М., Карамеидеева Ч. Азыркы кыргыз тили. Синтаксис. – Бишкек, 2010. – 170 б.
12. Қазақ тілі. Энциклопедия / Бас ред.: Ә.Т.Қайдар. – Алматы: IDK-ТИПО, 1998, – 509 б.
13. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: «Рауан», 1998. 304 б.

### Reference

1. Zhubanov Q. Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh Language]. – Almaty: «Gylım», 1999. – 581 p. (in Kazakh)
2. Amanzholov S. Qazaq tilinin grammatikasy. Birinshi bolim. Morfologiya. Ortalau, orta mektepterdin 5-6 klastaryna arналған [Grammar of the Kazakh Language. Part One. Morphology. For Grades 5-6 of Secondary Schools]. – Alma-Ata: Qazaq memleket baspasy, 1939. – 105 p. (in Kazakh)
3. Amanzholov S., Sauranbaev N. Qazaq tilinin grammatikasy. II bolim. Sintaksis. Ortalau zhane orta mektepterge arналған [Grammar of the Kazakh Language. Part II. Syntax. For Secondary Schools]. – Alma-Ata: Qazaq memleket baspasy, 1939. – 87 p. (in Kazakh)
4. Balakaev B.M. Sovremennyi kazakhskii yazyk. Sintaksis slovosochetaniya i prostogo predlozheniya [Modern Kazakh Language. Syntax of Word Combinations and Simple Sentences]. – Alma-Ata: Izdatelstvo akademii nauk Kazakhskoi SSR, 1959. – 235 p. (in Russian)
5. Balaqaev M., Qordabaev T. Qazirgi qazaq tili grammatikasy [Grammar of the Modern Kazakh Language]. – Almaty: Qazaqtyn memlekettik oqu pedagogika baspasy, 1961. – 293 p. (in Kazakh)
6. Kononov A.N. Grammatika sovremennogo turetskogo yazyka [Grammar of the Modern Turkish Language]. – Moscow: Izd. AN SSSR, 1960. – 446 p. (in Russian)
7. Dmitriev N.K. Grammatika bashkirskogo yazyka [Grammar of the Bashkir Language]. – Moscow-Leningrad: Izd. AN SSSR, 1948. – 276 p. (in Russian)
8. Batmanov I.A. Sposoby vyrazheniya sintaksicheskikh otnoshenii v kirgizskom yazyke [Ways of Expressing Syntactic Relations in the Kyrgyz Language]. – Frunze: Kirgizgosizdat, 1940. – P. 11-13. (in Russian)
9. Baskakov N.A. Tyurkskie yazyki [Turkic Languages] / red. G. Sanzheev. 4-e izd. – Moscow: Izd-vo LKI, 2010. – 248 p. (in Russian)

10. Gadzhiev E.N., Asadullaeva U.I. K probleme soglasovaniya v kumykskom i turetskom yazykakh [On the Problem of Agreement in the Kumyk and Turkish Languages] // «Izvestiya DGPU». – No. 4, 2014. – P. 80-82. (in Russian)
11. Akunova A., Raimbekova M., Karamendeeva Ch. Azyrky kyrgyz tili. Sintaksis [Modern Kyrgyz Language. Syntax]. – Bishkek, 2010. – 170 p. (in Kyrgyz)
12. Qazaq tili. Entsiklopediya [Kazakh Language. Encyclopedia] / Bas red.: A.T. Qaidar. – Almaty: IDK-TIPO, 1998. – 509 p. (in Kazakh)
13. Isaev S. Qazirgi qazaq tilindegi sozderdin grammatikalyq sipaty [Grammatical Characteristics of Words in the Modern Kazakh Language]. – Almaty: «Rauan», 1998. – 304 p. (in Kazakh)

**T.K. Mursalimov**

Shakarim University,

071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka Street

ORCID: 0009-0003-6525-5629

e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru

### **THE GRAMMATICAL NATURE OF SYNTACTIC AGREEMENT IN THE KAZAKH LANGUAGE**

**Abstract.** The article provides a detailed description of the grammatical nature of the so-called agreement in the syntactic connection of words in the Kazakh language. Agreement has long been regarded as a separate type of syntactic connection within a sentence; however, its grammatical nature particularly the functions of the forms that bind syntactic components, such as nominative case forms has not been fully explored in Kazakh linguistics or Turkology and has only been partially addressed. The article aims to fill this gap. The author's view on the role of the nominative case in word combinations is substantiated through specific linguistic evidence. In addition, the article proposes introducing the concept of unilateral or incomplete agreement into scholarly discourse. This proposal contributes to a more precise distinction between the grammatical types of agreement and subordination (matasu) in Turkology. The study employs comparative, descriptive, and interpretative methods. The findings can be applied in the courses "Morphology of the Modern Kazakh Language" and "Syntax of the Simple Sentence and Phrase in the Modern Kazakh Language," taught in higher education institutions. The article is intended for philologists, researchers, and all readers interested in the grammatical system of the Kazakh language.

**Keywords:** matching, principal component, subordinate component, nominative case, personal ending, subject, predicate.

**T.K. Мүрсәлімов**

Шәкәрім университет,

071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А

ORCID: 0009-0003-6525-5629

e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru

### **ГРАММАТИЧЕСКАЯ ПРИРОДА СВЯЗИ СОГЛАСОВАНИЯ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

**Аннотация.** Статья предназначена для подробного описания грамматической природы так называемого согласования в синтаксической связи слов в казахском языке. Согласование – понятие, существующее с ранних времен как отдельный вид синтаксической связи слов в предложении, однако его грамматическая природа, в частности, функции форм, связывающих синтаксические компоненты, а именно формы именительного падежа не раскрывается полностью ни в казахском языкознании, ни в тюркологии, затронуты только частично. Статья преследует цель восполнить этот пробел. Поэтому взгляд автора на роль именительного падежа в сочетании слов описывается конкретными языковыми фактами. Кроме того, в статье предлагается ввести в научный оборот понятие одностороннего или неполное согласования. Это предложение способствует правильному различению грамматических видов связей согласование и соподчинение (матасу) в тюркологии. В исследовании использовались методы сравнения, описания, интерпретации. Результаты исследования можно использовать в дисциплинах «Морфология современного казахского языка», «Синтаксис простого предложения и словосочетания современного казахского языка», преподаваемых в высших учебных заведениях. Статья посвящена специалистам-филологам и соискателям, а также на широкую общественность, интересующуюся грамматической системой казахского языка в целом.

**Ключевые слова:** согласование, главный компонент, подчиненный компонент, именительный падеж, личные окончание, подлежащий, сказуемое.

#### **Автор туралы мәлімет**

**Мүрсәлімов Төлеуғазы Каметаевич** – «Шәкәрім университеті» КеАҚ, қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: [mursalimov.toleugazy@mail.ru](mailto:mursalimov.toleugazy@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6525-5629>.

#### **Сведения об авторе**

**Мүрсәлімов Төлеуғазы Каметаевич** – старший преподаватель кафедры казахской филологии НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: [mursalimov.toleugazy@mail.ru](mailto:mursalimov.toleugazy@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6525-5629>.

#### **Information about author**

**Toleugazy Mursalimov** – lecturer department of kazakh philology, Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: [mursalimov.toleugazy@mail.ru](mailto:mursalimov.toleugazy@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6525-5629>.

*Редакцияға енуі 18.01.2026*

*Өңдеуден кейін түсуі 17.03.2026*

*Жариялауға қабылданды 28.03.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-8](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-8)

FTAMP: 16.21.51

#### **Ж.А. Манкеева, А.А. Хабиева\***

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 29

\*ORCID: 0000-0002-8622-021X

\*e-mail: [a.a.khabiyeva@bk.ru](mailto:a.a.khabiyeva@bk.ru)

### **ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ МАЗМҰННЫҢ СИНЕРГИЯЛЫҚ БОЛМЫСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада ғаламның тілдік бейнесіндегі лингвомәдени мазмұнның синергиялық болмысы қарастырылып, тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы антропоэзектік және когнитивтік парадигма аясында талданады. Зерттеудің мақсаты – тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын мәдени ақпараттың синергиялық ұйымдасуын айқындау, лингвокультуремалардың ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы танымдық және коммуникативтік қызметін көрсету. Мақаланың өзектілігі қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық сананың жаңғыруы жағдайында тілдің мәдени-танымдық қызметін, оның рухани-әлеуметтік дамудағы маңызын айқындаумен байланысты. Сонымен қатар тіл мен мәдениеттің тұтастығын антропоэзектік парадигма негізінде қарастыру қажеттілігі де зерттеудің өзектілігін арттырады. Зерттеу барысында сипаттамалы (дескриптивті), лингвомәдени, когнитивтік, синергетикалық, семантикалық, этимологиялық, контекстуалдық және салыстырмалы-ассоциативтік талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Бұл әдістер тілдік бірліктердің мағыналық құрылымын, олардың тарихи-мәдени негізін және көркем мәтіндегі қызметін жүйелі түрде ашуға мүмкіндік берді. Зерттеудің теориялық маңызы тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын синергетикалық жүйе ретінде қарастыруға, лингвомәдени бірліктердің концептуалдық табиғатын және ғаламның тілдік бейнесін қалыптастырудағы рөлін тереңдетуге негізделеді. Жұмыс когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және синергетикалық тіл білімі бағыттарының теориялық ұстанымдарын дамытуға үлес қосады. Зерттеудің практикалық маңызы көркем мәтіндерді, фольклорлық және тарихи-мәдени материалдарды лингвомәдени тұрғыдан талдауда, сондай-ақ тіл оқыту, ұлттық мәдениетті таныту және гуманитарлық білім беру салаларында қолдануға болатындығымен сипатталады.

**Тірек сөздер:** мәдени код, мәдени коннотация, этномәдени бірліктер, дүниетаным, тіл мен мәдениет бірлігі, синергия.